

П.М.Махашова * 

Аға оқытушы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ., Қазақстан
mahashova1964@mail.ru

Ш.Б. Бүйембаева 

Аға оқытушы
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Аңдатпа.** Мақалада студенттердің практикалық сабақтарда заманауи әдіс- тәсілдерді меңгеруі арқылы шығармашыл, белсенді, ізденімпаз, креативті тұлға ретінде қалыптастыруға негізделген. Студенттердің практикалық іс-әрекетке психологиялық дайындықтың мәнін түсіну, терең теориялық білімді игерумен қатар, міндеттерді, көзқарастарды, пікірлерді, нұсқауларды барынша креативтілікпен орындауға бағыттайды. Практикалық сабақтар шығармашылық қызығушылықты дамыту мақсатында қолданылатын педагогикалық- психологиялық заманауи инновациялық әдістерді терең игеруіне жол ашады. Студенттердің креативтілігін қалыптастыру барысында қолданатын интерактивті оқу әдістері, интеллектуальды іскерлік ойындар тақырыпты тануға, талдауға пәнді терең зерттеуге және шығармашылық жұмыстарың тиімділігін арттыруға үйретеді. Сонымен қатар, практикалық сабақтардың бағытын күшейту, сабақ франгментінің модельденген түрлерімен байланысты болашақ маманның кәсіби әрекетіне неғұрлым жақындату мақсатын да көздейді. Шығармашылық сабақтар проблемалық жағдаяттар тудыру арқылы, әдістемелік тәсілдерді қолдануға, тұжырымдар жасауға, зерттеушілік тапсырмаларды айқындауға негізделеді. Студенттерге арналған креативті тапсырмаларды жүзіелеу мақсатында динамикалық оқу әдісін ескере отырып, кәсіби маманның құрылымдық компоненттерін жүзеге асыруға ой-тұжырымдар жасалынған. Креативтілікті қалыптастыруға жетелейтін қабілеттер шығармашылық қызметтің сапасын анықтайды.*

***Тірек сөздер:** интеллектуалды әдістер, инновация, эмоционалдық, мотивациялық, франгмент, модель, компонент.*

Кіріспе Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында мұғалімдердің біліктілігін арттыру, бәріне бірдей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуын

қамтамасыз ету туралы айтылған. Осыған байланысты студенттердің практикалық қызметінде білім беру технологияларын игеру – инновациялық қызмет – ЖОО-дағы жұмыстың аспектілерінің бірі, ол оң сапалық өзгерістермен сипатталатын белгілі бір

кезеңдердің реттілігін білдіреді[1]. Креативті педагог - жеке тұлғаның қабілеттеріне ерекше идеяларды тудыратын, оқытудың заманауи әдістерін жетік білетін, өз ісінің шебері, педагогикалық- психологиялық білімі бар, әртүрлі ғылым саласынан хабардар маман. Сонымен, педагогикалық креативтілік – жеке тұлғаның ерекшеліктерінің жиынтығы, ол өз мамандығына сәйкес игеруі керек барлық ерекшеліктердің жоғары деңгейін, кәсіби қызметті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Білім беру саласының дербестігін кеңейту, басқаруды демократияландыру, оқу орындарында оқытудың заманауи инновациялық әдістері мен педагогикалық технологияларды белсенді және тиімді пайдалану студенттердің шығармашылығын қалыптастыруды талап етеді.

Оқу процесінің жаңа ұйымдастырылуы студенттің өзіндік іс-әрекетінің даралығын арттыруға ықпал етеді, оның өзін-өзі дамуына қолайлы жағдай жасайды. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер белсенділік, инновация, әдіс, тәсіл, оқытудың интерактивті әдісі, педагогикалық технология ұғымдарының мәнін тереңірек түсінуді талап етеді. Шығармашылықтың қалыптасуын зерттеуді шетелдік ғалымдар қарастырды: Дж. Гилфорд, Э. Юдин, В. Смит, К. Тейлор, Е. Торренс, М. Розенберг, И. Верткин, А. Лук, Я. Пономарев, Н. Фролов, М. Ярошевский және т. б.

Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілік мәселелері Н. Хомский, Т. М. Сорокина, Н. Ф. Ефремова, И. С. Бекешева, Ш. Х. Құрманалина, Б. Т. Барсай, Б. Т. Кенжебеков, К. С. Құдайбергенова, Т. А. талқылайды. Кульгильдинова, А. Д. Рысқұлбекова және т. б. еңбектерінде терең зерттелген.

Т. А. Макаренконың пікірінше, шығармашылық құзыреттілік – бұл маман тек жұмыс істеп қана қоймай, жаңашыл идеялармен ерекше сенімділікпен ойлап тауып, тәжірибе жасауы қолдануға жеткілікті ерік-жігердің болуы туралы айтады.

Оқытудағы дербестік зерттелетін тақырыпқа, туындайтын мәселеге, зейін мен ақыл-ой белсенділігі арқылы, жеке тұлғаның

мүмкіндіктерін өзектендіру және бейімдеу, (талдау және жалпылау, танымдық белсенділікті арттыру барысында салыстыру және ақпараттық жүйелердің көмегімен зерттелетін материалды түсінумен қатар, студенттер шығармашылығын көрсетеді.

Тұлғаның шығармашылық жетілу кезеңінде психологиялық заңдылықтарын зерттеудің маңыздылығы, біріншіден, оның жеке тұлғаның өнімді трансформациялық бағытына байланысты оның өмірдегі педагогикалық бағдарының негізгі тірегі, екіншіден, анықтау кәсіби шығармашылықтың негізгі детерминантына айналуы, үшіншіден, маманның шығармашылық әлеуетін, дамытуға ықпал етеді салада өзін-өзі актуализациялауға негізделеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Оқыту тәсілдерін енгізудің нәтижесінде студенттердің оқу үдерісіне және олардың шығармашылық әлеуетін, зияткерлік мүмкіндіктерін жоғары дәрежеде дамыту болып табылады. Кәсіби маманның құзыреттілігін қалыптастыруда ізденіс, таным деңгейін көтеру, педагогикалық шеберлікті арттыру арқылы студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру негізгі мақсаттарды игеруге бағыттайды.

Креативтілікті дамыту, кәсіби және рухани шыңдарға жету үдерісінде, тұлғаның өзін-өзі маңызды етуі маманның шығармашылық кемелдігінің қалыптасуына әсер етеді[2].

Мұғалім шығармашылық сипатын тек педагогикалық міндеттерді шешумен ғана емес, креативтілік әрекет тұрғысынан белсенді және орынды әрекеттерге, білім мен дағдыларды игеру, эмоционалдық еріктік және мотивациялық әрекеттер негізінде бейімделеді. Педагог мамандығы «Көңіл-күйдің» пайда болуы мен қалыптасуы педагогикалық міндеттерді түсінумен, жауапкершілікті сезінумен, жетістікке жетуге деген ұмтылыспен және т. б. анықталады. Студенттің жеке басының сапасы ретіндегі көзқарасы немесе дайындығы бірлікте болады және оның қызметі барысында өзара әрекеттеседі. Тұлғаның маңызды сапасы

ретінде-студенттің практикалық іс-әрекетке дайындығы күрделі психологиялық білім болып табылады. Олар келесі компоненттерді қамтиды:

- Мотивациялық (тақырыпқа деген көзқарас, тақырыпқа деген қызығушылық және басқа да тұрақты мотивтер);

- Бағдарлау (болашақ мамандықтың ерекшеліктері мен шарттары туралы түсінік);

- Ерікті (өзін-өзі бақылау, міндеттерді, тапсырмаларды орындау қалыптасатын әрекеттерді басқару қабілеті);

- Бағалаушы (өзінің дайындығы мен проблемаларды шешу процесінің оңтайлы үлгілерге сәйкестігін өзін-өзі бағалау).

Студенттердің оқу іс-әрекетіндегі белсенділігі мен дайындығының жоғары деңгейде болуы – компоненттердің жеткілікті дамуы мен тұтастығының негізгі шарты болып табылады. Білім беру жүйесінде студенттердің практикалық дайындығы дегеніміз не (біздің зерттеу контекстінде – педагогикалық технологияларын игеруді көздейді.

Пидкасистый П.И. сонымен қатар өзін-өзі тәрбиелеуге дайындықты екі фактордың жиынтығы ретінде ұсынады: психологиялық және практикалық. Егер оның пікірінше, психологиялық дайындық білімге деген белсенді қажеттіліктің дамуымен, танымдық қызығушылықтардың болуымен анықталса, онда практикалық дайындық ақпаратты іздеуді дербес ұйымдастыруды және танымдық қызығушылықты қанағаттандыру мақсатында техникалық дағдыларының қажетті жиынтығымен сипатталады.

Л. Ермолаева Томина шетел зерттеушілерінің тәжірибесін сүйене келе, шығармашылықты қабілеттердің даму деңгейлерін жиынтығы ретінде анықтайды және қабілеттердің даму деңгейлері үздіксіз өзін-өзі жетілдіру үшін ескеру қажет көптеген факторларға байланысты. [3].

Шығармашылықты қалыптастыру мәселесіне сәйкес жазылған жұмыстарды талдай отырып, шығармашылықтың құрылымдық компоненттерін ажыратуға болады. Атап айтқанда; ойлау жылдамдығы, жаңаға

ұмтылу, шығармашылық қабілеттер, өз ойларын қорғай білу, өзін-өзі сынау, логикалық ойлау, жаңаға сезімталдық және т. б.

Шығармашылықтың негізі – инновацияларды, кез-келген жаңа әдісті қалыптастырудың, қолданудың, тәсілдерді меңгеру, жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтқанды жөн көрдік.

Креативті педагог: мұғалімнің өмірге көзқарасы, пәнді жетік білетін, сыни талдау, түсіну және оның тиімділігін бағалай білуі.

Оқыту мен тәрбиелеуде, әдіс-тәсілдерін меңгеріп, білгенін қызықты да, тартымды жеткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастыратын шеберлікке ие болатын тұлғаны қалыптастырады [4].

Практикалық сабақтардағы заманауи технологияларын қолдану алгоритмдерін сәтті игеруге тоқталсақ; педагогикалық университеттің оқу процесінде білім беру технологияларын игеру арналған бағдарламалар қамтылып, келесі психологиялық-педагогикалық жағдайларға негізделеді:

- Жоғары оқу орындарын студенттердің практикалық сабақтарда жаңа оқыту инновациялық технологияларын меңгеруге мүмкіндіктері болды;

- Студенттің психологиялық қызмет түріне дайындығының диагностикасын анықтайды;

- Студенттердің шығармашылық белсенділігін және педагогикалық технологияларға мотивациялық-құндылық қатынасын қалыптастыру;

- Студенттердің заманауи инновациялық мәдениетін қалыптастыру;

- Студенттердің практикалық қызметінде білім беру технологияларын игеру динамикасын зерттеу және сыни бағалау.

Білім беру технологияларын игеру бойынша студенттердің практикалық сабақты ұйымдастыру кезінде олардың танымдық қызығушылығы дамудың келесі кезеңдерінен өтеді: қызығушылық, ситуациялық қызығушылық, нәтижелі оқу қызығушылығы, процестік мазмұнды, оқу - танымдық, кәсіби ғылыми қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелері. Креативтілік нәтижесінде практикалық сабақтарда танымдық қызығушылық оқу іс-әрекетінің жетекші мотиві ретінде әр студенттің жеке шығармашылығы қалыптасты.

Анықтау кезеңінде алынған мәліметтер негізінде қалыптастырушы экспериментті дайындау және жүргізу бағдарламасы жасалды, атап айтсақ, оларға мыналар кірді:

1) педагогикалық жүйенің моделін құрудың әдіснамалық негізі ретінде әрекет ететін психологиялық - педагогикалық теориялар мен тұжырымдамаларды талдауы;

2) студенттердің практикалық қызметінде білім беру технологияларын меңгерудің педагогикалық жүйесін оңтайлы құруға ықпал ететін модельдеудің ғылыми-теориялық және ұйымдастырушылық-әдістемелік аспектілері дайындауды;

3) педагогикалық ЖОО - да тәжірибелік - педагогикалық сабақты тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар мен құралдар анықтауға қол жеткізді.

Осылайша практикалық сабақтарды ұйымдастыру сондай-ақ, жеке пәнді оқытуға ықпал жасау арқылы оның педагогика, психология ғылымынан алған теориялық білімін практикада қолдануға мүмкіндігі туады.

Креативті құзыреттіліктің қалыптасуында белсенді әрекеттер, білімді жетілдіру, оқу іс-әрекетіндегі қабілетін, ең алдымен, мотивтер мен психикалық процестердің рөлін ескере отырып, тұтас тұлға тұрғысынан қарастыруды қажет етеді. [5]. ЖОО-да оқу процесінде студенттердің креативтілік бағыты барлық танымдық шығармашылық қызығушылықтарын қалыптастыруда және жекелеген педагогикалық-психологиялық жағдайларда көрінеді.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Редковец И.А. Креативтілікті қалыптастыруда өзін-өзі тәрбиелеудің психологиялық және практикалық жағдайы туралы түсінік береді және оны келесі негізгі белгілер жүйесі арқылы сипаттайды:

1) Өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігін түсіну, танымдық іс-әрекетке деген ішкі ынтаның болуы; оның айқын бағыты, танымдық қажеттілік пен қызығушылықтың тұрақтылығы, оқу жұмысындағы белсенділік, игерілген білімді шығармашылықпен қолдануға ұмтылуы (мотивациялық компонент);

2) өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстарының (жеке-ерікті компонент) мақсатқа бағытталғандығы мен жүйелілігі;

3) білімді өз бетінше игеру және іс-әрекетте дағдылар жүйесін меңгеруі (танымдық процестер);

4) өз бетінше жұмысты ұйымдастыру дағдылары жүйесін меңгеру (ұйымдастырушылық компонент);

Креативті құзыреттіліктің қалыптасуында белсенді әрекеттер, білімді жетілдіру, іс-әрекеттерді қамтамасыз ету мотивінің болуын, яғни қажеттіліктердің, танымдық қызығушылықты дамытудың ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Мұндай сабақтар педагогикалық практикаға дайындық процесінде әдістемелік дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді, өз сабақтарын талдауға үйретеді. Іскерлік ойынды талқылау шығармашылықты, қызығушылықты, белсенділік пен тәуелсіздікті дамытуға ықпал етеді, білім беру талқылауы барысында студенттерге сөйлеу мәдениетіне, парасаттылыққа, адалдыққа баулиды[6].

Практикалық сабақтардың бағытын күшейту, сабақ фрагментінің модельденген түрлері оны болашақ мұғалімнің кәсіби әрекетіне неғұрлым жақындату мақсатын көздейді. Оқытудың мұндай ұжымдық формасы студенттердің кәсіби тілде сөйлей, тыңдай және ойларың жеткізе білуге, сондай-ақ талас тудыра отырып, пікірлесуге үйретумен қатар, студенттердің заманауи инновациялық мәдениетін қалыптастыруға бағыттайды.

Креативтілікті дамыту шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер жаңаны тануға, жасауға бейімделуге негізделіп, интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады.

Педагогикалық сабақтың тиімділігін арттыратын кешенді тапсырмаларға дәлелдер келтіріп, заманауи әдістерді меңгеріп, басты мақсаттарға жетеді.

Қорытынды Студенттердің креативтілігін қалыптастырудағы практикалық сабақтар оқытуды ұйымдастырудың сипаты мен деңгейін және ынталандыру жолдарын адамзаттың гуманистік тұжырымдамаларын меңгеруге негізделген. Мысалы білім беру технологиялары туралы білімнің қажеттілігін негіздеу; алынған білімнің практикалық

маңыздылығын негіздеуге және теориялық білімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Семинар сабақтарында педагогикалық әдістерді заманауи технологияларын меңгеруге бағытталған проблемалық жағдайларды жасау, модельдеу, зерттеу бойынша жұмыс жүргізіледі. Осылайша, оқу үрдісінде практикалық сабақтардың процесін кұра отырып, болашақ маманға жағдай жасау арқылы үйлесімді креативті тұлғаны қалыптастыруға болады

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Заңы. Білім туралы. [Мәтін]: 2007, 27 шілдедегі №319-ІІІ бұйрықпен қабылданған. – Астана: Ақорда, 2007. – 52 б.
2. Омарова, Р.С. Шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру технологиясы [Мәтін]: оқу әдістемелік кұралы // Р.С. Омарова. – Ақтөбе, 2007. – 220 б
3. Сорокина, Т.М. Развитие профессиональной компетенции будущих учителей начальной школы [Текст]: монография / Т.М. Сорокина. – Новгород: Нижегородский государственный педагогический университет. – 2002.
4. Ефремова, Н.Ф. Компетенции в образовании: формирование и оценивание [Текст] / Н.Ф. Ефремова. – Москва, Издательство«Национальное образование», 2012. – 416 с.
5. Абсаматова, М.А. Қазақстанның педагогика ғылымындағы құзыреттілік мәселесінің зерттелу жайы / М.А. Абсаматова. Э. Уайдуллақызы, Б.М. Баймұханбетов // Педагогика және психология. – 2010. - № 3. – Б. 23-28
6. Бөрібекова, Ф.Б. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар [Мәтін]: Оқулық / Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова. – Алматы: 2014. – 360 бет.

Материал редакцияға 16.08.23 түсті

П.М.Махашова*, Ш.Б. Буйембаева

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЙ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КРЕАТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ

Аннотация. Статья основана на формировании у студентов творческой, активной, любознательной, креативной личности через овладение современными методами и приемами на практических занятиях. Помимо овладения студентами глубокими теоретическими знаниями, они с максимальной креативностью ориентируются на выполнение задач, взглядов, мнений, инструкций, требующих умения применять полученные знания на практике. Практические занятия открывают путь к глубокому овладению современными инновационными педагогически - психологическими методами, применяемыми в целях развития творческого интереса. Интерактивные методы обучения,

интеллектуальные деловые игры, используемые в процессе формирования креативности студентов, учат распознавать тему, анализировать, глубоко изучать предмет и повышать эффективность творческой работы. Кроме того, цель практических занятий заключается в усилении профессиональной направленности будущего специалиста, связанной с моделированием учебных занятий. Творческие занятия основываются на создании проблемных ситуаций, использовании методических приемов, формулировке выводов, определении исследовательских задач. С целью систематизации креативных заданий для студентов, с учетом динамического метода обучения, разрабатываются идеи для реализации структурных компонентов профессионала. Способности, ведущие к формированию креативности, определяют качество творческой деятельности.

Ключевые слова: интеллектуальные методы, инновации, эмоциональный, мотивационный, фрагмент, модель, компонент.

P.M.Makhashova*, Sh.B. Buiembayeva

M.Kh.Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

FEATURES OF PRACTICAL CLASSES ON THE FORMATION OF STUDENTS' CREATIVITY

Abstract. Article is based on the formation of a creative, active, inquisitive, creative personality among students through mastering modern methods and techniques in practical classes. In addition to mastering deep theoretical knowledge, students are guided with maximum creativity to perform tasks, views, opinions, instructions that require the ability to apply the knowledge gained in practice. Practical classes open the way to a deep mastery of modern innovative pedagogical and psychological methods used to develop creative interest. Interactive teaching methods, intellectual business games used in the process of forming students' creativity, teach them to recognize the topic, analyze, study the subject in depth and increase the effectiveness of creative work. In addition, the purpose of practical training is to strengthen the professional orientation of the future specialist related to the modeling of training sessions. Creative classes are based on the creation of problematic situations, the use of methodological techniques, the formulation of conclusions, the definition of research tasks. In order to systematize creative tasks for students, taking into account the dynamic method of teaching, ideas are developed for the implementation of structural components of a professional. The abilities leading to the formation of creativity determine the quality of creative activity.

Key words: intellectual methods, innovations, emotional, motivational, frangement, model, component.

References

1. The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education"[text]: 2007, July-27. - No.319-III // <https://online.zakon.kz/> / 11.01.2020.[in Kazakh]
2. Omarova, R. S. SHyғarmashylyқ қузығушылықты қалыптастыру tekhnologiyasy [Technology of forming palace interest] [text]: educational and methodological message // R. S. Omarova. - Aktobe, 2007. - 220 p. .[in Kazakh]
3. Sorokina T.M. Razvitie professional'noj kompetencii budushchih uchitelej nachal'noj shkoly [Development of professional competence of future primary school teachers]: Monograph / T.M.

- Sorokina; Nizhny Novgorod State Pedagogical University. [text]: – N. Novgorod: NGPU, 2002. [in Russian]
4. Efremova, N.F. Kompetencii v obrazovanii: formirovanie i ocenivanie [Competence in education: formation and evaluation] / N.F. Efremova.[text]: Moscow, Publishing House "National Education", 2012. – 416 p. [in Russian]
 5. Absamatova M. A., Uaydullaukyzy E., Baymukhanbetov B. M. Қазақстанның педагогика ғылымындағы кәсіптік мәселесінің зерттелу жағдайы [Study of the problem of competence in pedagogical science of Kazakhstan] // Pedagogy and psychology. - 2010. No. 3. - pp. 23-28 .[in Kazakh]
 6. Buribekova F. B., Zhanatbekova N.J. [Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар] Modern pedagogical technologies: textbook. [text]: - Almaty: 2014. - 360 p. .[in Kazakh]

Мақалаға сілтеме: *Махашова, П. Студенттердің креативтілігін қалыптастырудағы практикалық сабақтардың ерекшеліктері [Мәтін] / П.Махашова, Ш.Б. Бүйембаева // Dulaty University Хабаршысы. – 2024. - №1. – Б. 50-56. <https://doi.org/10.55956/XXOX5157>*